

Ақтөбе қаласы

**«Ақтөбе облысы Білім беру басқармасының
№39 қазақ орта жалпы білім бері мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің қызметін
өзін-өзі бағалау қортындысы**

2022 жыл

1. Жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 293 А.

3. Занды тұлғаның байланыс деректері: Телефон : 8 (7132) 73-03-57
Электронды пошта: mektep_39@mail.ru
Web-сайт: <http://mektep39-aktobe.rka.kz/>

4. Занды тұлға өкілінің байланыс деректері :
Мектеп директоры Амитжанова Индира Базаралиевна

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеуі 2017 жылы 21 қарашада жүргізілді.

6. Рұқсат беру құжаттары:

Лицензия: Лицензияр «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті» 15.12.2017 жыл № KZ 68LAA00010520

2-параграф. Бастауыш, негізгі, орта жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттар:

13.1. Оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім беруді жалпы білім беруді жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің проблемасы «Білім мазмұнының деңгейін меңгерте отырып, шығармашылық ой-өрісі бар, ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі тани білетін жеке тұлға тәрбиелеу».

Мақсаты: Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтар мен озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, тарату, педагогтардың кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру.

Міндеттері:

1. «Білім туралы» Заң мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жұмысты жалғастыру;
2. «Ұлт жоспары «100 нақты қадам» контекстінде «Мәңгілік ел», мемлекеттік «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяларының негізіне шоғырланған мәдени сәйкестік және қазақстандық өзіндік сананы қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту;
3. Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, үштілді білім беру, инклюзивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту;
4. Оқу үдерісінде Назарбаев зияткерлік мектебінің іс-тәжірибесін енгізу, озық педагогикалық тәжірибелерді насихаттау және тарату үшін әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік семинарлар, кеңестер өткізу;
5. Оқушылардың функционалдық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді әдістері мен жаңа технологияларды қолданатын педагогтардың жұмыстарын тәжірибеге енгізу;
6. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы педагогтардың жақсы тәжірибелерін жүйелі жарыққа шығару, олардың жаңашыл жұмыстарын жариялау;
7. Педагогикалық жүйедегі барлық субъектілерді диагностикалау жұмыстарын жүзеге асыру;
8. Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу жұмысын жандандыру, педагогтардың білім берудің жаңашыл технологияларын игеруіне жағдай жасау;
9. Жас мұғалімдердің білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлі курстардан жүйелі түрде өткізуді, әдістемелік семинарларға қатысуларын басшылықты ұйымдастыру;
10. Курстан өту уақыты біткен мұғалімдерді жаңартылған мазмұнда оқыту бойынша даму жоспарға сәйкес кесте бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;
11. Мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу;
12. Оқу кабинеттерінің жүйелендірілуін жетілдіру. Паспортталған кабинеттердің санын арттыру;
13. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру, жүйелеу;
14. Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқушының білім деңгейінің мониторингін анықтау;
15. Тәрбие берудің 8 бағытын талапқа сай орындау;

13.2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің қызметін өзін-өзі бағалау кезінде тексерілген бес оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің құрылуы, мектептің кәсіподақ ұйымымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілді. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының сабақ кестелері аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары оқу жұмыс жоспары бойынша құрылған.

2017-2018 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 16 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 16 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 4 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалған.

1,2 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

3,4 сыныптар бойынша оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 1-қосымшасымен жасалған.

5,7 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

6,8,9 сыныптардың оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 4-қосымшасы басшылыққа алынған.

10,11 сыныптар бойынша оқу жұмыс жоспары жаратылыстану-математикалық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 8-қосымшасы басшылыққа алынған.

2018-2019 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 17 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 17 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 3 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалынған.

1,2,3 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығының 1- қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

4 сынып Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

5-8 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

9 сынып Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

10-11 сыныптар жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 8-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

2019-2020 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 17 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 18 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 5 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалынған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 1- қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

10 сыныптар жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11 сынып жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқытылады. Оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 28 шілдедегі №296 бұйрығының 8-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

2020-2021 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 17 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 19 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 6 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалынған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 1- қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

10 сыныптар жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

11 сынып жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

13.3.Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі- ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, мектеп директорымен бекітілген. Инвариантты компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілген. Ұсынылған материалдар kundelik.kz ақпараттық

жүйесімен зерделенді. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп, мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. (kundelik.kz электронды журналдан қаралды.) 10,11 сыныптарда жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық бағытта бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытылады.

13.4 Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру. 2017-2018,2018-2019 оқу жылдарында Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмыстарының 2013-2020жылдарға арналған БАҒЫТ-БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ мазмұны ҚР білім және Ғылым министрінің 2015 жылдың «22»сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІМЕН күшейтілді. №39 қазақ орта жалпыға бірдей білім беру мектебіндегі тәрбие жұмысының жоспары Ақтөбе облысының білім басқармасының 2015 жылдың 01.09.№733бұйрығымен бекітілген.Осы бұйрықты басшылыққа ала отырып, «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы аясында 9 бағытқа негізделіп жасалды.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өткізілді. . "ЭКО БОЛАШАҚ" жобасы аясында қағаз қалдықтарын жинау байқауы болып, оқушылар акцияға ат салысып қатысып,оқушылар және мектеп ұжымы республикалық «Экоболашақ» акциясын ұйымдастырушы компаниясының мадақтамалармен марапатталды,сонымен қатар мектеп ауласын аббаттандыру мақсатында мектеп түлектері «Аялы ағаш саялы» жас шыбықтар отырғызу акциясына қатысып,ағаш түптері отырғызылып,түптері әктелді.

2019-2020,2020-2021 оқу жылдарында Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру»бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылдың 19.08.№252 бұйрығын басшылыққа ала отырып,№39 қазақ орта жалпыға бірдей білім беру мектебіндегі тәрбие жұмысының жоспары құрылып, тәрбиенің басым бағыттары жоспарда толық қамтылды . Әр бағыт бойынша іс-шаралар мақсатты түрде жоспарланып,жүзеге асырылды.

Тәрбиенің мақсаты:«Өзінің төл мәдениетін сыйлайтын,басқаға өзін сыйлата алатын,ұлттық бәсекелестікке қабілеті жоғары,адамгершілігі мол, білімді де,ұлтжанды азаматты тәрбиелеу»

Мектепте оқу жылының басында тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда оқушыларға патриоттық, азаматтық тәрбие беру бағытында іс-шаралар жоспары құрылып, түрлі жұмыстар ұйымдастырылды.Жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында 2020-2021 оқу жылында Республикалық «Бақытты бала-бақытты ел»акциясы аясында «Бақытты бал-жарқын болашақ»іс-шаралары, «Қарттарға құрмет-басты міндет»қарттарға көмек көрсету акциясы, «Өзін-өзі тану:Махаббат пен шығармашылық педагогикасы»тақырыбында онкүндік аясында «Жақсылық жаса»қайырымдылық акциясына қатысып, «Үміт » сәбилер үйіне барды. Елбасының «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру»бағдарламасын жүзеге асыру «Жүз кітап»жобасы (1-11 кластар) ұйымдастырылып,қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері әр буынға байланысты, жас шамасын ескере отырып, бастауыш кластарға «Менің атым Қожа»әңгімесін,орта буынға «Қараш қараш оқиғасы», «Менің атым Қожа»әңгімелерін, жоғары кластарға«Абай жолы»эпопеясы берілді. Ақтөбе облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігімен бірлесіп өскелең ұрпақты табиғи ресурстарды күту және сақтау мәселелеріне тарту мақсатында 3-қазан күні Республикалық экологиялық сағат және ағаш

отырғызу бойынша республикалық акция ұйымдастырылды. Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Бердалин Аманғали Бейсембайұлы акцияның құрметті қонағы болды. Сонымен қатар Ақтөбе облыстық білім басқармасының бас маманы Айтбаева Батима Кувашевна мен қамқоршылық кеңесінің мүшелері және ата-аналарымыз қатысты.

Акцияның екінші бөлімінде мектеп жанындағы учаскіде жасыл желектер облыс әкімінің орынбасары Аманғали Бейсембайұлымен мектеп табалдырығын биыл ғана аттаған жас бүлдіршіндердің қатысуымен отырғызылды. 2017-2021 оқу жылдарында арналған тәрбие жұмысы жоспарларның ұсынылған көшірмелері және өткізілген шаралардың дәлелдемелері бар. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық және құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие мәселелерін қамтиды.

13.5 білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру іс-шаралар жоспарын бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар іске асырылды. «Біз Қазақстанның болашағымыз» баяндама (8-11 кластар) жазылды. «Мәңгілік ел болашағы-біртұтас ел» конференция (7-11 кластар) ұйымдастырылып, жоғары класс оқушылары өз жобаларын слайд дайындап, талқылап оқушыларға көрсетті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру «Жүз кітап» жобасы (1-11 кластар) ұйымдастырылып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері әр буынға байланысты, жас шамасын ескере отырып, бастауыш кластарға «Менің атым Қожа» әңгімесін, орта буынға «Қараш қараш оқиғасы», «Менің атым Қожа» әңгімелерін, жоғары кластарға «Абай жолы» эпопеясы берілді. Қорытындысы мамыр айында қорытындыланып, оқушылар тест, мазмұндама түрінде талқыланып, жеңімпаздар анықталып, марапатталды. «Қазақстан рухани жаңғыру жолында» конференция (8-11 кластар) тарих пәнінің мұғалімі Диханова Бағыла Жонисовнаның ұйымдастырумен өткізіліп, оқушылар шығармашылық белсенділіктерін көрсетті. «Президент - ғасыр адамы» елбасы күніне арналған іс шаралар жоспары мерекелік кеш өткізілді. «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» ҚР Тәуелсіздігі күніне апталық ұйымдастырылып, класс жетекшілер танымдық сабақтар өткізді. «Жасұлан», «Жасқыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиын өткізілді. «Терең білім-тәуелсіздігіміздің тірегі ақыл ой азаттығымыздың алдаспаны» дөңгелек үстел, «Туған өлке жылнамасы» эссе қорғау, «Ғарыш ғажайыптары» байқауы, «Менің тарихым» үздік оқушылар портфолиосы байқауы болды. 8 класс оқушылары ұйымшылдықпен бірігіп, «Қазақстан-ынтымақ ордасы апталық» халықаралық Ынтымақ, бірлік күніне мерекелік кешін ұйымдастырды. 7 класс оқушылары «Ел қорғаны-ер жігіт» ҚР Ұландар күніне мерекелік кешін өткізді. Ұлы ЖЕҢІС күніне орай жоспарлы түрде бірнеше іс шаралар жоспарланып, «Өлем маған да, саған да керек» Ұлы Отан Соғысы ардагерлерімен кездесу, «9 мамыр-Желбірейді жеңіс туы» апталық өткізілді. Сонымен қатар мектебіміздің 10 класс оқушылары Қалалық іс шараға ат салысып қатысып, көзге түсті, 31 мамыр Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу «Ел жүрегі Астана» ҚР Елордасы Астананың 20 жылдығына іс шаралар ұйымдастырылды, «Біз Отанның Ұланымыз» «БҰЛБҰЛ» балалар хор үйірмесінің шығармашылық кеші, «Ел басы - ел тірегі» презентация 9-11 кластар, Елбасы Н.Ә Назарбаевтың бейнефильмдерін көрсету, Елбасы күніне газет шығару, «Тәуелсіздік - тұғырым» апталық ұйымдастырылды. Ақпан айының 12-ші жұлдызында №39 қазақ орта мектебінің ұжымы мен мектеп оқушылар, ата-аналары «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» тақырыбында онкүндік аясында «Жақсылық жаса» қайырымдылық акциясына қатысып, «Үміт» сәбилер үйіне барды. Акцияның басты мақсаты: тәрбие мен білім беру жүйесінде мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын жетілдіру және адами қарым-қатынастарын қалыптастыру. Азаматтық мәдениетке тәрбиелеу. Адам баласының бір-біріне қайырымды болуға баулу. Акцияға

мектеп оқушылары, ұстаздар, ата-аналар белсене қатысып, «Үміт»сәбилер үйінің тәрбиеленушілеріне азық-түліктер,балалар сүт тағамдары, балалар киімдері,сурет салу дәптерлері т.б керекті заттардан тұратын сыйлықтарын үлестірді.Бұл ұйымдастырылып отырған игі іс-жанары жәудіреп, ата-ана мейіріміне зәру ,өзгелерден жылулық күтетін кішкентай балапандарға қоғам тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлықтың бір ғана көрінісі Қайырымдылық шара алдағы уақытта да жалғасын табады.

"Қайырымды болу - алға қадам басу" тақырыбында оқушылардың бойында қайырымдылық қасиеттерді дамыту мақсатында дебат өткізілді. Дебат барысында қайырымдылық әрекеттері туралы сөз қозғалып, оқушылар өз ойларымен бөлісті.

10.02-10.03 аралығында «Өмірге ИЯ деп айт»акциясы аясында «Қатыгездіз,зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»танымдық сабақтар,«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»флешмоб, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ-бақытты балалық шақ»сурет байқауы өткізілді.Балалардың бірлік, достық тақырыбындағы шығармашылық көрмесі 1-8 кластар арасында (суреттер, қолөнер бұйымдары) өтті. Көрме апта бойы жалғасты. Шығармашылығын ұсынған балаларға мақтау қағаздары мен сыйлықтар берілді.6.02.2018 күні оқушылардың қатысуымен театрландырылған көрініс көрсетілді.08.02.2018 жылы 2"а" класына өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Аспантаева Л "Өнеге отбасынан" тақырыбына, оқушылардың бойына отбасылық дәстүрлер, жақсылық жасау, қамқорлық жасауға үйрету мақсатында ашық сабақ өткізді.11.02.2018 күні 8"ә" класына өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Сатыбаева А "Мейірімділік асыл қасиет" тақырыбына, «Адамгершілік адамдықтың белгісі» танымдық сабақтар оқушылардың бойына мейірімділік қасиеттерді дарыту мақсатында ашық сабақ өткізді.02.02-08.03.2018 күндері мектепшілік "Жүректен жүрекке" қайырымдылық акциясы өткізілді. Акция барысында мектептегі көп балалы, аз қамтылған, қамқоршылықтағы балаларға сыйлықтар ұсынылды. Сыйлықтар мектептегі әр класс өздерінің ұйымшылдықтарымен жинақтаған оқу-құралдары. Осылайша, барлық мектеп оқушылары бұл акцияға толығымен атсалысты."Алтын жүрек анамыз" және "Сүйіспеншілікке толы жүрек" атты мәнерлеп оқулар байқауы 1-4 кластар арасында өтті. Мақсаты: адамгершілік қасиеттерді оқушылар бойында дамыту.Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Алтын жүрек анамыз»мәнерлеп оқу сайысы болды."Барлық әлем мен үшін" онкүндік аясында «Менің тағдырымның бақытты билеті»тақырыбында танымдық сабақтар болды.Мектеп оқушылары түрлі жарыстарға қатысып,марапатталды."Есею сезімдері,Бұл қалай" дөнгелек үстел болды,оқушылар ойларын ортаға салып,пікірлесті. 23.04.18ж "Жылдың үздік оқырманы"кеш болды.Оқушыларды діни тәрбие беру мақсатында «Ата-ана алдындағы баланың борышы»тақырыбында 5-6 класс оқушылары Облыстық «Нұр-ғасыр»мешітінің наиб имамы Серікжан Еншібаевпен кездесу ұйымдастырды.Кездесуде ұлттық және ислами тәрбиені берудегі ата-ананың орны, «Ата көрген оқ жонар,шеше көрген тон пішер»деп бабаларымыз ұрпақ тәрбиесінде әке-шешенің маңызды рөл атқаратынындығы, ата-ананың қадірі Отбасы-қоғамның негізгі бөлшегі екендігі туралы ,сонымен қатар ата-ананы құрметтеу –басы міндетіміз екендігі, бұл міндет «Әке –шешемді құрметтеймін»деген құрғақ сөзбен бітпейді,олардың қажеттіліктерін өтеп,қарасып,рухани әрі материалдық бар мүмкіндіктерді жасаумен ғана жүзеге асатындығы туралы зиялы сөздерімен оқушыларға көп мағлұматтар берді. «Кітап оқымаған адам-тамырсыз қаңбақ»кітапханашылардың ұйымдастыруымен сайыс өткізілді.

Кездесу барысында оқушылар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды. Кездесу соңында балаларға «Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы»тақырыбында кітапшалар таратылды. Оқушыларға ұлттық және ислами тәрбие беруде дін мамандарымен кездесулердің орны ерекше. Сонымен қатар,«Дін және біз»түсіндірме жұмыстары,«Керттартпа діни ағымдардың алдын алу» теолог мамандармен кездесу (қыркүйкек айы),«Діни ағымдар және оның алдын алу»кездесу (желтоқсан айы), «Қыз -ел көркі»қыздар байқауы, «Дәстүрлі емес дін ағымдары мен деструктивті сектелар ықпапылынан өскелең ұрпақты қорғау», «Аялы алақан»қайырымдылық акциясы, «Ел болам

десең бесігіңді түзе» қыз балалармен жұмыс, «Қызға қырық үйден тию» дәрігер маманмен кездесу, «Қыздар арасындағы достық дөңгелек үстел» 9-11 кластар, «Қарттарды қадірлейік ағайын» танымдық сабақтар 1-11 кластар, «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» қайырымдылық акциясы, «Қариялы ел, қазыналы ел» мерекелік концерт, «Кертартпа діни ағымдардың алдын алу басты міндет» дөңгелек үстел кездесу ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында «Мен тұрғым келетін ел» фантастикалық жоба, Тарихи орындарға саяхат, «Бүгінгі оқушы - ертеңгі отан қорғаушы», «Ұлттық өнер-тәрбие негізі» білгірлер байқауы, «Халықтар достастығы бірлік күні» мерекесіне арналған танымдық сабақтар, «Тату болса халық-болады өмір бейбіт» кеш, «Ынтымақ-достық кепілі» сурет байқауы, «Жігіт сұлтаны» 9-11 класс жігіттер арасында байқауы өткізілді. Мектеп оқушылары іс-шараларға ат салысып қатысып, жеңімпаз оқушылар марапатталды.

14.03-19.03.18ж "Наурыз-қайырымдылық пен мейірімділік мерекесі" апталығы мерекелік іс-шараларға толы болды. Мектепшілік «Қош келдің Өз Наурыз!» мерекелік кеші ұйымдастырылып, оқушылар мерекелік концертін жоғары деңгейде көрсетті. Салт-дәстүрлерден «Келін түсіру», «Қыз ұзату», Ұлттық ойындар сайысы өткізілді. Мерекелік кеш өте жоғары деңгейде өтті. Сонымен қатар бірқатар мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, атап айтсақ, «Наурыз салт-дәстүрлерді дәріптейік!» сурет-фотосуреттер байқауы, «Қазақтың келіндері - ай» келіндер байқауы, «Ынтымақ-достық кепілі» музыкалық сайыс кеші, «Наурыз-Думан» 10 кластар арасында пікірталас байқауы өткізілді, Сондай ақ, мектеп оқушылары бұ бағыт бойынша демалыс күндерінде 1. Өнер мұражайына саяхат (1-4 кластар), Өлкетану музейіне саяхат (5-8 кластар), «Ұлттық сана» тарихи мұражайға саяхат, «Туған өлкенің аңыз әңгімелері» қойылым, Тарихи орындарға саяхат (ақпан айы), «Өлке батырлары-ел мақтанышы» Әлия Молдағұлова мұражайына саяхат, «Жәдігерлер сыр шертеді» жоба қорғау (7-11 кластар), «ЕНШ» байқауы, «Арман қала Астана» шығарма байқауы, «Астана ғажайыптары» жөрме байқауы «Әсем қала Астана» сурет байқауы, «Менің Астанам» мәнерлеп оқу байқаулары кең көлемде ұйымдастырылып, жеңімпаз оқушылар марапатталды.

1. «Қарты бар елдің қазынасы бар» мерекелік кеш (4 кластар)

2. «Қарттарым асыл қазынам» танымдық сабақтар (1-11 кластар)

3. Ата-аналар жиналысы: Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру «Туған жерге туынды тік» тақырыбында өткізілді.

4. «Қарттарды құрметтейік» фотосуреттер байқауы

5. «Жылы алақан қамқорлық акциясы»

6. «Жас ұрпақ тәрбиесі-қоғам міндеті» дөңгелек үстел

7. Ата-аналар жиналысы №2 «Тәрбиелі, білімді, саналы ұрпақ-Мәңгілік ел болашағы»

8. «Өнегелі отбасы-рухани жаңғыру өзегі»

9. «Мен және менің отбасым» портфолио сайысы

7. «Ұлыстың ұлы күні-Өз наурыз» мерекелік кеш

8. «Дәмді және пайдалы ас-қазақтың ұлттық тағамдары» дөңгелек үстел

9. Ата-аналар жиналысы №4 «Баланың өмір қауіпсіздігі-Мәңгілік елдің басты парызы»

10. «Үздік оқушы-2018 жыл» ата-аналарды марапаттау кеші

11. «Жұлдызды отбасы» отбасылық әдеби-шығармашылық байқауы

12. «Бақытты балалық шақ» 1 маусым балалар күніне асфальтқа сурет салу байқауы

13. «Бақытты бала-Мәңгілік ел кепілі» ата-аналарға арналған ашық есік күндері іс шаралары

14. «Анасына қарап қызын ал» дөңгелек үстел,

"Бәрі өз қолымда" жоба байқауы, «Сау бала-сау болашақ» кездесу, «Экология және балалар», «Жер Ананы жасыл күйде сақтайық» экологиялық турнир ұйымдастырылды. Наурыз айынан бастап, «Таза қалам-Ақтөбем» акциясы аясында таза сенбілік ұйымдастырылып, апта сайын мектеп оқушылары мен ұжым сенбілікке

шықты. Сәуір айында "Құстар - біздің досымыз" - ұя жасау байқауы ұйымдастырылып, жүлделі орындар марапатталды. Сонымен қатар, ауладағы ағаш бастарына ілінді. 28.04.18ж. "ЭКО БОЛАШАҚ" жобасы аясында қағаз қалдықтарын жинау байқауы болып, оқушылар акцияға ат салысып қатысып, оқушылар және мектеп ұжымы республикалық «Экоболашақ» акциясын ұйымдастырушы компаниясының мадақтамалармен марапатталды, сонымен қатар мектеп ауласын аббаттандыру мақсатында мектеп түлектері «Аялы ағаш саялы» жас шыбықтар отырғызу акциясына қатысып, ағаш түптері отырғызылып, түптері әктелді. «Құстар біздің досымыз» атты құстарға сыйлық жасау ұя жасау байқауы ұйымдастырылып, оқушылар бар өнерлерін салып, ұялар әкеліп, ағаш бастарына шегелеп тұрғыздық. «Біз таза экологияны қолдаймыз» қағаз қалдықтарын жинау байқауы ұйымдастырылып, оқушылар белсенділіктерін танытты. «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында МАИ қызметкерімен кездесу өткізілді. **Қоршаған ортаны, өзін – өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу**

бағыт бойынша мектеп оқушылары «Құқық және біз» дөңгелек үстел, «Интернет желісі және оның зияны» тақырыбында дөңгелек үстел, «Ең үздік Жасұлан» байқауы, «Астана КЗ» флешмоб, «Екі жұлдыз» байқауы, «XXI ғасыр көшбасшысы» байқауы, «Жақсы кітап-жан азығы» «100 кітап жобасы» «Бәрі өз қолымда» жоба қорғау байқауы өткізіліп, оқушылар өздерінің жан жақтылығын көрсетті.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша «Мен және менің отбасым» тақырыбында оқушылар портфолиодан презентация жасап, отбасылық құндылықтарын насихаттады. «Қазақстан халықтар достығы» атты сурет байқауы, «Қазақ хандары» зияткерлік байқауы, «Алтын қақпа» байқауы, «Өнер мұражайына саяхат», «Мамандықтың бәрі жақсы» 9-11 класс оқушыларымен мамандардың кездесуі, «Жазықсыз жапа шеккендер» саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне байланысты іс-шаралар, «Ерлікке тағзым» атты тақырыпта 9 класс оқушыларының ұйымдастыруымен танымдық кеш, «Арайлы өлкем Ақтөбе!» қаламыздың мәдени жерлерін аралау жұмыстары ұйымдастырылды.

16.02.2018ж Ақтөбе қаласы руханият музейіне 9 класс оқушылары барды. Жыл бойы кәсіптік-бағдар беру бойынша 40 кездесу іс-шаралары өткізілді. Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында сондай ақ, «Ұстазға тағзым етейік» мерекелік кеш, «Ұстазым менің ұстазым» сурет байқауы, «КҮЗ АРУЫ-2017жыл» кеш, «Жаңа жыл - жаңа белес» кеш (9-11 кластар), «Жаңа жылдың жарқырайды шамдары» (1-4 кластар), «Бәрі де ана бір өзіннен басталады» мерекелік кеш, Наурыз мерекесіне «жігіт сұлтаны» байқауы, «Ел жүрегі Астана» ән байқауы, «Асқақтай бер Астанам, берекеге бастаған!» мерекелік кеш, «ҚР Ұландар күніне енің Астанам» мәнерлеп оқу байқауы, «Жақсы кітап-жан азығы» «100 кітап жобасы», «Көктем аруы 2018» 5-8 кластар, библиографиялық шолу өткізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытында . Қазан айында «Ұстазға тағзым етейік» атты тақырыпта ұстаздар мерекесіне орай 10 класс оқушылары мерекелік концерт өткізді. «Абайды оқы ерінбе» тақырыбында Абай Құнанбаевтың 171 жылдығына мәнерлеп оқу сайысы өткізіліп, оқушылар өз білімдерін ортаға салып, жеңімпаздар марапатталды. «Балалар – бейбітшілік елшісі» атты 5 в класында ашық тәрбие сағаты болды. «Ел бірлігі-Бейбітшілік» атты танымдық сабақ өтті.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», - деген құнды пікір білдірген. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деп тіл зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым А. Байтұрсынов айтқандай, халықтың сақталуы тіліне байланысты. Тіл – халықтың ажырамас бөлігі. Ұлы Абайдың өзі: «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» деп таңырқап, тағзым еткен қасиетті тіл.

Қараша айында «Мәңгілік елдің ұлттық құндылығы» тақырыбында мектепшілік жиын болды.

Мақсаты: Ана тілінің қадір-қасиетін ұға білуге, оны өшпес мұра етіп сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу. Желтоқсан айында «Жаңа жыл-жаңа белес» танымдық сабақтар, **қантар айында «Мұқағали – мәңгілік жыр»** тақырыбында Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мектепшілік әдеби кеш ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды. **Мақсаты:** Оқушыларды ақиық ақынның өмір жолымен, поэзисымен, қара өлендерімен таныстыру, тәлімдік-тәрбиелік қырларына қызықтыра білу, Отанды, туған жерді сүю, ақын жырларынан үлгі-өнеге алу. Наурыз айында «Аналарға құрмет-өнеге бастауы» атты тақырыпта аналар мерекесіне орай апталық аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді. «Кітап-білім бұлағы» атты кітапханалық сабақ, «Мейірім төгетін ана!» кітап көрмесі, **сәуір айында «Дауылды жылдардың жалынды жыршысы»** атты тақырыпта мектепшілік үлкен іс-шара өткізіліп, оқушылар терең дайындала отырып, шығармашылық қабілеттіліктерін ортаға салды. Мамыр айында мектеп оқушыларының жыл бойы жеткен жетістіктерін қорытындылау мақсатында ата-аналарды марапаттау үшін **«ҮЗДІК ОҚУШЫ»** салтанатты мерекелік жиыны ұйымдастырылып, ата-аналарға арналған кеш болды. Кеш өте мағыналы да мазмұнды өткізіліп, ата-аналар ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, «Бала шақтан Болашаққа», «Сенім. Ұміт. Мәңгілік ел-адастырмас жол» атты тақырыптарда 11 класс оқушыларының шығармашылық кеші болды. Атап айтсақ, бірқатар жұмыстарды атап өтуге болады. 1. «Жолда жүру қауіпсіздігі» акциясы

2. «Ақпарат толқыны» газет журналдарға жазылу

3. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру «Жүз жаңа есім» акциясының ашылуы

4. «Дәстүрді дәріптейік» әңгімелесу (57 кластар)

5. «Кіндік қаны тамған жерім-Ақтөбем» мерекелік кеш

6. «Алғыр алтау» байқауы 4 кластар

7. «Балалық шақтың аспаны» 11 «А» класының мерекелік кеші

8. «Сол бір кез есімде» 11 «Ә» класының мерекелік кеші

9. «Ынтымақ, бірлік, келісім-ең басты байлық ел үшін» мерекелік кеш (8 кластар)

10. «Біз Жасұландықтар-мыз!» кеш

11. «Жол ережесін білу - бәріңе міндет» апталық

12. «Көше күтпеген жағдайларға толы» бастауыш класс оқушыларымен әңгімелесу

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты қалыптастыру бағыты бойынша Қыркүйек айында «Толағай» отбасылық сайысы ұйымдастырылып, отбасылар өте жақсы дайындықпен келіп, жүлделі орындар марапатталды. 08.09.18ж Денсаулық фестивалі 3-4 кластар арасында жарыстар болды. Қазан айында "Тиімді тамақтану" дәрігер маманмен кездесу ұйымдастырылып, әртүрлі ақыл-кеңестер берілді. Халықаралық нашақорлыққа қарсы акция аясында «Есірткі және құқықбұзушылық» тақырыбында танымдық сабақтар өткізілді.

26.10.18ж "Нашақорлық және құқықбұзушылық", қараша айында "Нашақорлық-қоғам дерті" кездесу 8-11 класс оқушыларының арасында ұйымдастырылып, «Есірткісіз болашақ» акциясы аясында қазан айында Облыстық ПД есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының қызметкерлерімен жоғары класс оқушылары арасында кездесу өтті. Тақырыбы: «Нашақорлық және құқықбұзушылық». Мақсаты: Нашақорлық-ғасыр дерті екендігің, есірткі заттардың адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, алдын алу, саналы да салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттардың алдын алу. Мектеп оқушыларының арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттардың алдын алу мақсатында облыстық ПД есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының қызметкерлерімен мектеп оқушыларына «Шегетін есірткілердің адам өміріне әкелер қауіп» тақырыбында баяндама оқып, нашақорлықтың алдын алу жұмыстарын жүргізді. Баяндама барысында мектеп оқушыларына бейне материалдар көрсетіліп, талқыланды. Кездесу мектеп инспекторы С.Қабимен бірлесе отырып, өткізілді. Кездесуге барлығы-9-10 кластан 102 оқушы қатыстырылды. Кездесу мәнді де мағыналы өтті. Алдағы уақытта осындай іс-шаралар жалғасын табады.

18.02.18ж "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ПД маманымен кездесу болды.
26.11.18ж "Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қозғалатын мәселелер, ЖҚТБ және оның алдын алу, Мінез-құлық факторлары" дәрігер маманмен кездесу ұйымдастырылды.

8 класс оқушылары «Сақтан, ұрпақ СПИД деген қатерден» атты тақырыпта кластан тыс шара өткізіліп, дәрігер маман шақырылды. тамақтану»плакаттар байқауы (1-5 кластар) Сонымен қатар бірқатар жұмыстар жүргізілді.

1. Денсаулық күніне марафон «Салауатты өмір салты»
2. «Дұрыс тамақтану»шығарма байқауы
3. «Дұрыс және пайдалы тамақтану»танымдық сабақтар
4. «Нашақорлық ғасыр дерті»кездесу
5. «СПИД-ғасыр дерті»кездесу өткізілді.
6. «Дұрыс тамақтану»плакаттар байқауы (1-5 кластар)
7. Ата аналар арасында нашақорлықтың , темекінің зияндылығы тренингтер ұйымдастыру
8. Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған акция
9. «Есірткі және құқық бұзушылық»мектеп инспекторымен кездесу
10. «Тамақтану мәдениеті»дәрігер маманмен кездесу
11. «Ағзаға не пайдалы?»дебат(7-9 кластар)
12. «Дұрыс тамақтану»мақал мәтелдер байқауы 2-4 кластар)
13. «Темекі-зор кесел»баяндама (5-8 кластар)
14. «Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы»футболдан турнир (7-11 кластар)
15. Ақтөбе ФК командасымен қорлдауымен 200-2010 жылғы ер балалар футболы
16. «Бұл дәмді және пайдалы»жөрме
17. «Біз салауатты өмірді қолдаймыз»волейболдан турнир
18. «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!»спорттық марафон

2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында мектепте оқу жылының басында тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда оқушыларға патриоттық, азаматтық тәрбие беру бағытында іс-шаралар жоспары құрылып, түрлі жұмыстар ұйымдастырылды. Әр аптаның дүйсенбі күні І, ІІ кезеңдегі 1-сабақ ҚР Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Әр оқу жылында ҚР Мемлекеттік рәміздері бойынша 2-11 класс оқушылардың сауаттылығын тексеру мақсатында сауалнама жүргізіліп отырды. Қыркүйек айының басы кең байтақ Қазақ елінің барша білім ордаларында, сондай-ақ, біздің мектеп алаңында да "Білім күні" мерекесі кеңінен аталып өтті. Айтулы мерекеге 1-11 класс оқушылары, олардың ата-аналары мен жақындары, мектебіміздің ұжымы мен қадірменді қонақтар жиналды. Мәжіліс залында 4 кластар арасында "Саналы ұрпақ-жарқын болашақ" тақырыбында жалпыреспубликалық азаматтық және патриоттық танымдық сабақ өтті.

22 қыркүйек - Қазақстан халқының Тілдері күні. Тілдер мерекесі күніне орай ұйымдастырылған мектепшілік 5-6 кластар арасында өткізілген "Туған тілім - бабам тілім - өз тілім" атты мәнерлеп оқу байқауына белсене қатысып, қазақ ақындарының өлең-жырларын тебірене оқыған білім алушыларымызға алғыс білдірдік. Ақтөбе облысы әкімдігінің бастамасымен 29 қараша күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге арналған "Қазіргі заманғы Қазақстан Елбасының көшбасшылық сабақтары" тақырыбынды жалпыреспубликалық ашық сабақ өтті. Атаулы шара Ақтөбе облысы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Ажниязов Руслан Амирхановичтің қатысуымен жоғарғы деңгейде өткізілді. Мектеп кітапханасында 7 "А" класс білім алушыларының қатысуымен кітапхана бөлімінің қолдауымен "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" тақырыбында сыныптан тыс сабақ өтті. Шара барысында "Кемеңгер Елбасы - ырысы еліміздің" атты көрмеге библиографиялық шолу жасалып Елбасы жайлы әдебиеттер таныстырылды, елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласында айтылған құнды пікірлері мен еңбектері насихатталды. "Елбасының дара жолы" деп аталатын ашық сабаққа мектебіміздің 8"б" және 9"а" класының

оқушылары тарих пәнінің мұғалімі Салиева Анар Айткуловнаның қолдауымен қатысқан болатын. Аталмыш сабақта оқушылар Тұңғыш Президентіміз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жайлы көптеген ақпарат алмаса отырып, шығармашылық тапсырма ретінде топқа бөлініп, әр топ өз партияларын құрған болатын. Және де әр партия Президенттік үміткер ұсынып, өз ойларын көрермен алдында ашық айтты. Ару қаламыздың биылғы 150 жылдық мерейтойына арналған қалалық "Қазақстан - бақытымның ордасы" атты тілдер конкурсында жоғары дайындық деңгейін көрсеткен мектебіміздің 7 "А" класс білім алушысы Оразғалиева Меруертті "Үшінші орынға" ие болуымен құттықтаймыз. Жетекшісі: Шудабаева Жайнагуль Мырзакановна. 16-желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 28 жылдығы қарсаңында мектебіміздің 1-5 класс оқушылары арасында патриоттық әндер байқауы өткізілді. Байқауда 12 қатысушы өз өнерлерін жанды дауыста ортаға салды. Жоғарғы деңгейде өткізілген байқауда, оқушылар мадақтамалармен марапатталды. Мектебімізде кітапхана бөлімінің ұйымдастыруымен 6-10 класс білім алушыларының арасында егемендігіміздің 28 жылдық құрметіне арналған "Тәуелсіздік деп жырлайды жүрегім!" атты мәнерлеп оқу байқауы өтті. 2 «В» класс білім алушыларымен ҚР Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында өткен «Елімнің еркіндігі — Тәуелсіздік» атты танымдық сабақ. Класс жетекшісі Маханбетова Гүлжаһан Болатқызы. Мектебімізде 3-4 кластар арасында «Рәміздерім - мақтанышым» атты өлең оқу байқауы өтті. Мақсаты: оқушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы таным-түсініктерін кеңейту, оларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Ұйымдастырушылар: мектебіміздің жасұландары

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 28 жыл толу мерекесіне орай кіші калибрлі винтовкадан нысана көздеп атудан ұйымдастырылған ұстаздар арасындағы «Мерген мұғалім — 2019» және білім алушылар арасындағы «Мерген сарбаз — 2019» сайысы өте тартысты өтті, «құралайды көзге атқан» мергендер суырылып шығып, марапатталды. Ақтөбе қаласының 150-жылдық мерейтойы және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Гүлдене бер, Қазақстан!» қалалық өлкетану олимпиадасында III орын иеленген 9 «Ә» класс білім алушысы Алиев Алишерді және аталмыш олимпиадаға белсене қатысқан Боранбай Мирас марапатталды. Ақпан айында мектебімізде "Қазақстандағы 100 жаңа есім" жобасының 1 кезеңінің жеңімпазы "Пандус Ок" әлеуметтік жобаның авторы, спортта мүмкіндігі шектеулі жандар арасында Италияда өткен жүзуден Әлем кубогының "Алтын медаль иегері, кәсіпкер Шахан Жулдасбаевпен, 2 кезең үміткері Жетесовтар отбасылық "Шашу" ансамблінің жетекшісі, патронат ана А.Ешпанова және "Атамекен" ҰҚП ұйымдастыруымен өткен Республикалық "Алтын Оймақ" байқауының Республика бойынша Ақтөбе облысынан жеңімпаз болған, дизайнер 10 жасар Әйгерім Мұратқызы мен анасы "Қазақстандағы 100 жаңа есім" жобасының үшінші кезеңінің үміткері, Отандық өндіруші анасы "Aikerim brand" фирмасының директоры, көп балалы ана Мазинова Айнагүл Жалғасбайқызы және Бұқаралық ақпарат және Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы кеңестер жұмысын іске асыру қызметінің сарапшысы Мулдықешова Бекзат Орынбасарқызы қонақта болды. Кездесу барысында өмірлік жолдарын, жетістікке жету сырларымен бөлісіп, оқушыларға сыр шертті. Оқушылар Шахан Жулдасбаев туралы бейнефильм тамашалап, үлкен әсер алды. Шашу ансамблінің жетекшісі, патронат ана А.Ешпанова қонақ кәде ретінде балаларына құлақ құрышын қандырар қазақтың күйін күмбірлеткізді! Наурыз айында Ауған соғысының аяқталуына 31 жыл толуына орай мектебімізде ардагерлермен кездесу іс-шарасы өткізілді. Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу арқылы сол соғыс жайлы мағлұматтар алып оқушылардың өрелік қабілеттерін кеңейтті. Ауған оқиғасының тарихи мағыналық ақиқатын ашып Тәуелсіздік жолында күрескен ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастарды Отансүйгіштікке, ерлікке баулыды. Қонаққа Ауған соғысының ардагерлері Кубегенов Сапарбек Абдираманович, Айтжанов Жалғас Шарипович, Шалов Тукембай Аппазұлы, Жарылғасынов Бауыржан Аманжанұлы және

Еренов Бекболат ардагерлеріміз келді. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, туған өлкені танып білу, туған өлке батырларын танып білу мақсатында Қобда ауданы Әлия ауылындағы Әлия патриоттық тәрбие орталығына саяхаттап келді. Мұражай қызметкері Әлия Молдағұлованың өжеттілігі, қайсарлығы, ерлігі туралы әңгімелеп берді. Оқушылар батыр қыз есімі тек қазақ жұртына ғана емес, орыс жеріне де кеңінен танымал екендігін, атап айтқанда, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында Ә.Молдағұлова атындағы көшелер, ескерткіштер бар екендігін айтты. Әлияның өмірі, балалық шағы мен оқу кезеңі және ең бастысы майданда көрсеткен ерлігі туралы құжаттарымен танысты. Елімізде болып жатырған төтенше жағдайлардың болғанына қарамастан тәрбие жұмыстары онлайн режимдеде жалғасын тапты.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні - еліміздегі ең жарқын және мерейлі мейрамдардың бірі. Соған байланысты "Ынтымағы жарасқан -туған өлкем Қазақстан" атты мәнерлеп оқу челленджі ұйымдастырылды. 1 "А" класс оқушылары челленджді 1 "Ә" класына жолдады. 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған "Татулық достықтың кілті" атты 1-5 кластар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар белсенділікпен атсалысып, бар өнерлерін ортаға салды.

7 Мамыр - Қазақстан Қарулы күштері күніне орай мектебімізде "Ер қорғаны - ер жігіт" патриоттық ән байқауы ұйымдастырылды. 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай "Ұлы Жеңіс балалар көзімен" атты 1-4 кластар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай "Жүректен жеңіс әндері" отбасылық ән байқауы өткізіліп, үйде отырса да оқушыларымыз өз өнерлерін ортаға салды.

Республика көлеміндегі барлық білім беру мекемелерінде бірыңғай «Адалдық сағаттары» ұйымдастырылды. **Білім** күнінің алғашқы сабағында Адалдық, Парасаттылық, Әділдік және Сенім құндылықтарын насихаттау мақсатындағы мұндай танымдық сағаттар, сондай-ақ ошақтарында құрылып жатқан "Адал ұрпақ" клубтарының негізгі мақсаты - жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оған қарсы тұруға дайын тұлғаларды тәрбиелеу болып табылады. Қыркүйек айында мектебіміздің акт залында "Облыстық дін істері басқармасы" ММ тапсырмасы бойынша "Аңсар" кеңес беру-оңалту орталығы қоғамдық бірлестігінің ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, маман М.Қалманов білім алушыларымызбен кездесіп, "Діни тұрақтылықты қамтамасыз ету мен сауаттылықты арттыру" тақырыбында дәріс оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазан айының 15-күні кешкі сағат 19.00 түнгі сағат 12.00 аралығында Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында "Кітапхана түні" әлеуметтік-мәдени шарасы өткен болатын. Бұл түні кітапхана әдеттен тыс уақытта есігін айқара ашып, оқырмандарына ерекше форматта қызмет көрсетті. Кітапхана түніне келушілер жаңа кітап, газет-журналдар, қылқалам шеберлерінің көрмесін, жергілікті ақын-жазушылармен кездесудің, шеберлік кластарының, интеллектуалдық алаңдағы түрлі викториналық ойындардың, мерекелік концерттік бағдарламаның, жас кітапханашылар арасындағы облыстық сайыстың, караокемен ән айтудың, тақырыптық ойын-сауық кешінің, театрланған көріністердің, әдеби марафонның куәсі болды. Аталмыш әдеби марафонға мектебіміздің 4 "А" класс жетекшісі Джаукенова Алия Байгазиевна бастаған білім алушылары да қатысып қайтты. Мектебімізде Жалпыреспубликалық "Адалдық сағаты" акциясы аясында мектеп оқушыларына "Сыбайлыс жемқорлыққа қарсы күрес" тақырыбында баяндамалар оқылды. Сағат барысында түрлі материалдар пайдаланылып, бейнажазбалар көрсетілді. Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен, Ақтөбе қаласының әкімі М.Е.Абдуллин бекіткен, Ақтөбе қаласы Алматы ауданы прокурорының ұсынған жоспары негізінде, білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында «Мен құқық бұзушылыққа қарсымын» атты 1 минуттық видеоролик түсіру бойынша байқау өткізілген болатын. Ағымдағы жылдың 8- қарашасында байқаудың үздіктерін және қатысушыларын

марапаттау рәсімі өткізілді. Байқауға белсенді қатысқан мектебіміздің 7"А" класс білім алушылары мектеп абыройын биіктен қорғап, нәтижесінде алғыс хатқа ие болды.

9-желтоқсан Халықаралық Жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай мектебіміздің барлық кластарында бірыңғай адалдық сағаты өткізілді. Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығымен біріге, мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батыргалиев Бекзат Курманғалиевич пен денешынықтыру пәні мұғалімі Тлеубергенов Арслан Қанатұлы бастаған бірнеше мектеп оқушылары, Набережная 50Б мекен-жайында тұратын қарт, Яковленко Валентина Леонтьевна әжейдің мекеніне бас сұғып, үйінің ауласын қалың қардан тазартып, өзге де ірілі-ұсақты жұмыстарын атқарып беріп батасын алды. Қантар айында мектебімізде Ақтөбе облысының білім басқармасының бұйрығымен 11 класс оқушыларына Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен жалпыреспубликалық "Адалдық сағаты" атты акциясы өтті. Оқушыларды махаббат пен шығармашылық аясында оқушыларға махаббат, бақыттың құндылық ретіндегі мағынасы және мейірімді адам қасиеті мен өзара көмек әрекеттері туралы түсінік беріп, қамқорлық жасау, көмек көрсетудегі қабілеттерін дамыта отыра рухани адамгершілік қағидаларын өз бақыты үшін дұрыс қолдана білуге, өмірді бағалай білуге тәрбиелеу. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттерін дамыту, өз – өзіне деген сенімін арттыру, адами қарым – қатынастарын қалыптастыру болып табылады! "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік ғылыми жобасының авторы-Сары Алпысқызының жобасын қолдау мақсатында 2020 жылдың 3 ақпан күні мектебімізде "Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы" атты онкүндіктің ашылуы өтті. "Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы" атты өзін-өзі тану пәнінің он күндігіне байланысты мектеп кітапханасында «Мейірім төгетін ана» атты көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмемен 5 класс оқушылары таныстырылды. Өзін-өзі тану адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасының авторы Сара Алпысқызы Назарбаеваның өмір жолы, жалпы азаматтық рухани құндылықтарға бастайтын қайырымдылық іс – шаралары, еліміздегі адамгершілік – рухани білім беруінің дамуына қосқан өлшеусіз үлесі туралы таныстырылды, жасөспірімдерді мейірімділікке тәрбиелеп. Өзара түсіністік пен сыйластықты сақтау деген қағиданы түсіндіру. "Өзін-өзі тану": "Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы" атты онкүндік декадаға байланысты "Руханилықтың мөлдір бұлағы" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Әр оқушы өз жұмысына рухани қызғушылық, махаббат және шығармашылық танытып белсене қатысты. "Сүйіспеншілікпен өмір сүру" тақырыбында 6 кластар арасында Тайберген Әсел Тұрақбайқызы дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға қарым - қатынас жасаудың маңыздылығын түсіндіріп, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ұғындыру. Жақсы көру, сүйіспеншілік ұғымдарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру, сүйіспеншілікпен қарым - қатынас жасауға баулу, оқушыларды туған елін, жерін, ата - анасын сүйуге тәрбиелеу. Сүйіспеншілік – тіршіліктің тірегі. Риясыз сүйіспеншілік – тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі екенін оқушыларға түсіндірді. Дөңгелек үстел барысында Алдар Көсе "Күтпеген қонақ" мультфильмі көрсетілді. "Жалғастыру ойыны", "Не істеуге болмайды?" әдістері қолданылды. "Алтын жүрек анамыз" атты тақырыбында 1-6 класс оқушылары Сара Алпысқызына арналған ана тақырыбындағы арнау өлеңдерін нақышына келтіріп мәнерлеп оқыды! Ақпан айында Байтакова Айсын Мурсиновна "Қыз - елдің көркі" клубының жетекшісі мектебіміздің қыздарына "Қыз-елдің көркі" жобасының мәдени-көркемдік оқу бағдарламасы туралы мәлімет берді. Қазақ халқында «Қыз – елдің көркі, гүл — жердің көркі» деген мақал бар. Мақалдың мәні қыз баланың нәзіктігін, сүйкімділігін, салтқа беріктігін білдіреді. Өйткені қыз баланың тәрбиелі, әдепті болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының әсері мол. Халқымыздың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыю» деген нақыл сөздері өмір тәжірибесінен алынғаны сөзсіз екені рас. Соған байланысты кездесу барысында қыздарға: "Сән және сымбат", "Денсаулық және сұлулық", "Қыз дамуының психологиясы", "Мәдениет , өнер және поэзия", "Өзін-өзі ұстау этикеті", "Көркем

сурет", "Музыка, вокал және кароке", "Үй шаруасын жүргізу және тігін тігу", "Ұлттық салт-дәстүрлер", "Қолөнер", "Флористика", "Еуропалық және ұлттық асхана", "Қазақ биі және боди балет", "Шет тілдері" туралы айтылды. 1-наурыз еліміздің жалпыхалықтық мереке-Алғыс айту күні – ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні соған орай 4"б" класс оқушылары мерекелік шара ұйымдастарды. Іс - шара барысында оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, ұлттық ойындар ойнатылды.

Ұлттық тәрбие беру бағыт бойынша мектеп оқушыларымен көптеген жұмыстар жүргізілді. Жалпы орта білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі мекемелердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында "Абай Құнанбаев - 175" тақырыбында өткізілген балалар шығармашылығының республикалық сырттай байқауына қатысып, ұлы Абай атамыздың өлеңдерін мәнерлеп оқып, сондай-ақ, мазмұнды эссе жазып байқау жүлдегерлері атанған 4 "А" класс білім алушыларымызды: Мизанова Медина - I дәрежелі диплом, Изғалиева Айсана - I дәрежелі диплом, Топтепбаева Фатима - II дәрежелі диплом, Бағдат Салтанат (эссе) - III дәрежелі диплом, Класс жетекшісі: Джаукенова Алия Байгазиевна. Ата ананы құрметтеу мақсатында мектебіміздің 9-10 кластарындағы қыз балалар облыстық "Анаға тағзым" орталығына барып қайтты. Ол жерде қыздарымыз теолог маманның "Ата-анаға құрмет" тақырыбында дәрісін тыңдап, біраз жаңа мағлұматтар білді. Қыз балалармен жұмыс жүргізу барысында тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Таяуова Салтанат Жұбатқанқызының ұйымдастыруымен 7-11 класс қыз балаларына "Ерте жүктіліктің алдын-алу" тақырыбында баяндама жасалып, бейнероликтер көрсетілді. Ақтөбе облысының білім басқармасы мен "Ақтөбе-Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен "Әлем шуағы - Ана" тақырыбында облыстық көркемсурет байқауына қатысып, шығармашылық шеберлігін жоғары дәрежеде көрсете білгендері үшін Бекмурзина Айша бибі 8"Б" класс және Үргеншбаева Жазира 8 "Ә" класс білім алушылары Дипломдармен марапатталды. Елбасының "Рухани жаңғыру" бағдарламасының аясында ұлттық құндылықтарымызды сақтау, ұлықтау, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына қазақтың салт-дәстүрлерін, үрдістерін сіңіру мақсатында Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен "Үлгілі келін - 2019" атты қалалық байқауына қатысып, мектебіміздің абыройын асқақтатып, "Ибалы келін" атағына ие болған мектебіміздің педагог-психологы Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы. "Platon" Халықаралық білім дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен "Қазақтың Үш бәйтерегі: Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлиннің" 125 жылдық мерейтойы аясында өткен "ҮШ БӘЙТЕРЕК" атты Республикалық байқауға белсенді қатысып, ұлттық сөз өнерін биік белеске көтерген, қазақ әдебиетінің "Үш бәйтерек, үш діңгегі" атанған ұлы тұлғалардың шығармаларын жүректен жүрекке жеткізе білген жас дарындар, мектебіміздің 4"А сынып білім алушылары: Ақбай Раушан - "Екінші дәрежелі" диплом; Бағдат Салтанат - "Екінші дәрежелі" диплом; Изғалиева Айсана - "Екінші дәрежелі" дипломдарына ие болып қайтты. Жетекшісі: Джаукенова Алия Байгазиевна. "Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі." атты мектебімізде 9-11 класс арасында қыздар жиналысы болды. Қыздың намыс мен ары, адамгершілігі оның оқуға, қоғамдық пайдалы істерге, отбасына, құрбы-құрдастары мен ұжымға қарым-қатынасына байланысты. Әрбір қыз балаға ата-анасын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз. Қыз баланың бойына сыпайлық, мейірбандық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дарытуды халқымыз өте ежелден қолға алған. Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай, № 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде «Абай - дана, Абай-дара қазақта» атты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен үлкен шара өткізілді. Ақынның көңілге түрлі ой салар өлеңдері мен адамзатқа ұстаз болған қара сөздері арқылы бар қазақтың жүрегінің төрінен орын тапқан әдеби апталықтың мақсаты – қазақ поэзиясының кемеңгер

тұлғасының терең шығармалары арқылы жастардың ұлтжандылық сезімін ояту, елін, жерін, туған тілін сүйу – Отан алдындағы қасиетті борыштары екендігін ұғындыру. Кеш барысында мектебіміздің жас мұғалімдері Абай өлеңдерін үш тілде нақышына келтіріп жеткізді. Сонымен қатар оқушылар ойшыл ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем Қаламқас» сынды бірқатар әндерін орындады. Сондай-ақ, оқушылар ақын туралы естеліктермен бөлісіп, өздерінің арнауларын оқып, шығармаларындағы терең философия жайлы тамаша сахналық қойылымдарды орындауда данагөй бабаларымыздың рөлдерін дәлме-дәл сомдады. Сонымен қатар Абайдың балалық шағы мен шығармашылыққа бет бұрған кезеңінен бастап өмірінің соңғы күніне дейін суреттелген сахналық көрініске куә болдық. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді. Ол өткен заманның, кешегі түркі дүниесінің соққан тынысы болса да бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды заман тынысы, халық үні, мәңгі өшпес жарық жұлдызы! Сонымен қатар оқушыларымыздың «Абай -дана, Абай-дара қазақта» атты тақырыпта өз қолдарымен салған газеттері, суреттері мен жүрек тебіrentкен эсселері шығармашылық бұрышымызға ілінді. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», демекші бүгін мектебімізде поэзия күні соған орай ұзақ үзіліс кезінде оқушыларымыз Абай өлеңдерін мәнерлеп ,нақышына келтіріп жеткізе білді! Абай Құнанбайұлына арналған эсселерінде оқып бар шығармашылығы, өмірі туралы баяндады! Ақын Абай Құнанбайұлының туындылары арқылы ұзақ жасайтыны белгілі. Шамшиева Алмагүл Шердарқызының жетекшілігімен драма үйірмесінің оқушылары Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арнап, Абайдың балалық шағы мен шығармашылыққа бет бұрған кезеңінен бастап өмірінің соңғы күніне дейін суреттелген сахналық көрініске куә болдық. Шабытты тасытқан шабыт күнінде ұзақ үзіліс кезінде оқушыларымыз құлақ құрышын қандыра қазактың күйін күмбірлетті. «Әлем таныған Абай» тақырыбында Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай мектепшілік көркемсөз байқауы өтті! Шараның мақсаты: Абай шығармашылығы арқылы оқушылардың бойында поэзияға деген сүйіспеншілігін ояту, мәнерлеп оқу, жатқа айту дағдысын жетілдіру және рухани көзқарастарын кеңейту болып табылады! Бұл мектепшілік шараға 1,2,3,4-класс оқушылары қатысты. Оқушылар Абай Құнанбаевтың өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты. Ұлтымыздың Ұлы ақыны ,жазба әдебиетіміздің негізін қалаушы ,пәлсапашы, дана Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай елемізде игілікті істің бастау алғаны баршамызға мәлім. Соған орай мектебіміздің 9”Ә” класс оқушылары Ұлы ақын өлеңдерін жатқа айту эстафетасын бастап, 9 “А” класына жолдады! Мектебіміздің 7-8 класс оқушылары «АНАҒА ТАҒЗЫМ» орталығында ұйымдастырылған мерекелік іс-шараны тамашалап қайтты! Сонымен қатар 8 «А» класс оқушысы Мұратбаева Мадина және 10 «Б» класс оқушысы Жаңбырбаева Жаңылсын мерекелік іс-шарада өз өнерлерін көрсетті! Мектебіміздің мәжіліс залында қыздар кеңеснің басшысы Манас Ақбота "Ана-барлық көркемділіктің үлгісі" атты қыздар жиналысын өткізді. Жиналысқа көп балалы ана Мұртазаева Күлайхан қонаққа келіп , балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты, қыз балалардың бойына ұлттық тәрбие мен рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық туралы мағлұмат беріп сыр шертті.

Отбасылық тәрбие беру бағыты және ата-аналар қауымдастығымен жұмыстар жүргізуде мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар атқарылып келеді. Отбасы күніне орай мектебімізде республикалық акция аясында "Отбасы - бақыт мекені" мектепшілік мәнерлеп оқу сайысы өтті.. Ұйымдастырушы: қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі. "Өзін-өзі тану: махаббат пен шығармашылық педагогикасы" онкүндігі аясында 6 класс білім алушылары арасында "Табиғатым- тал бесігім" атты ойын сабағы өткізілсе, 4-7 класс оқушылары арасында ұйымдастырылған "Руханилықтың мөлдір бұлағы" атты сурет байқауы өтті. Балалар рухани құндылықтарды өз таным түсініктерінше шығармашылық көзқараспен әсем бейнеледі, 6 класс білім алушыларымен "Достық алтыннан да қымбат" тақырыбында пікір-талас сабағы өтті. 3"Б" және 3"В" класс оқушыларымен "Дос болайық бәріміз" тақырыбында ойын сабағы өтті. Класс жетекшілері:

Куан Жанат Ибадуллақызы, Ниязова Айгул Жоламановна. Сонымен қатар қайырымдылық акциясына мектебіміздің білім алушылары және олардың ата-аналары өз үлестерін қосты. ҚР Тұңғыш Президентінің Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып өтілетін "Отбасы күніне" орай "Толағай" отбасылық сайысы өтті. Шараға бастауыш сыныптарының белсенді жанұялары қатысып, белсенділік танытты. 3"А" класынан қатысқан БИСЕТТЕР ОТБАСЫ "Бас жүлдені" жеңіп алса, 3"Ә" класының САРИНДЕР ОТБАСЫ 1-орынды, 3"Б" класынан ЕРЖАНОВТАР ОТБАСЫ 2-орын және 3"В" класынан САНСЫЗБАЕВТАР ОТБАСЫ 3-орынды иеленді. 1 қазан- Қарттар күніне орай мектебімізде бастауыш кластар арасында «Менің аяулы әжем, ардақты атам» атты фотоконкурс ұйымдастырылды.

Конкурстың басты мақсаты әрине отбасы құндылығын арттыру, үлкенге ізет көрсету, қарттарға құрметпен қарау, үлкеннің айтқанын тыңдау. Отбасы құндылығы аяулы әжеңнің өнегелі ісі мен ардақты атаңның өсиетімен өлшенсе керек. Шараға белсенді қатысқан барша білім алушыларымызға алғыс білдіріп мақтау қағаздарымен марапатталды. Бастауыш 2 "Б" класс білім алушыларымен "Отбасы - тәрбие басы, Мектеп - тәрбие жаршысы" ашық тәрбие сағаты. Класс жетекшісі: Кереева Самал Айтургановна.

"Отбасы өнегесі - Отан өнегесі" тақырыбында отбасы күніне орай 3 кластар арасында диспут сайыс-сабағы өтті. Ұйымдастырушы: бастауыш класс мұғалімі - Калмурзаева Нурсулу Даулетбаевна. Сайыс барысында білім алушылар отбасы құндылығы, ата-ана, бауыр, бала жауапкершілігі, өзара сыйластық, мейірімділік түсініктерін талдап, пікір білдірді. Желтоқсан айында 8 – 11 класс білім алушыларымен «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын!» психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: білім алушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін ұғындыру. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандығын қорғауы туралы үйрету. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Ақтөбе облысының ғылыми-тәжірибелік орталығының педагогикалық шеберлік бөлімінің тапсырысымен класс жетекшілерге арналған "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында отбасы мен мектеп ынтымақтастығының рөлі" тақырыбында әдістемелік күн 12-желтоқсан күні біздің мектебімізде болып өтті. Аталған күннің бағдарламасы бойынша бірнеше іс-шаралар жүзеге асырылды. Әдістемелік күн Жармуханова Индира Бактығалиевнаның 6 класс оқушыларымен бірлесе өткізген "Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы" тақырыбындағы ашық тәрбие сағатымен басталды. Тәрбие сағатына ата-аналар, оқушылар және мектеп ұстаздары мен психологтары қатынасты. Сабақ барысында сан түрлі әдістемелік әдіс-тәсілдер пайдаланылып, ата-ана мен оқушылар отбасы тәрбиесіне байланысты ой-пікірлерін ортаға салды. Ата-аналар "Балаға тілек", оқушылар " Әке-ана" әнімен сабақты тәмамдады. 12-желтоқсан күні мектебімізде "Рухани жағдыру бағдарламасында класс жетекшілерге арналған "Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының рөлі" тақырыбында өткізілген семинар барысындағы шаралардың тағы бірі - "Қазақстан-бақытымның ордасы" атты тілдер байқауы. Байқаудың басты мақсаты - үштұғырлы тіл бағдарламасын пайдалана отырып, ата-ана, мектеп, оқушы байланысын нығайту. Байқау үш тілде өткізілді. Байқауға 7а класс оқушысы Сейлхан Ақгүл анасы Самаева Гүлбану Рыскелдиевнамен, 8а класс оқушысы Жұмаш Ислам орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кыныртаева Айгүл Жаксылыковнамен және 9ә класс оқушысы Жанобаева Камила өзінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Алшоразова Гүлайым Сәбитқызымен қатысты. Сайыс ережелері бойынша қатысушылар үш тілде креативті таныстыру ұйымдастыру керек болатын. Және интеллектуалды бөлім де, және "Менің Ертегім" атты үш тілде ертегі көрінісін музыкамен дыбыстап көрсету бөлімі болды. Қатысушылар өте жоғарғы деңгейде дайындалып, аса ерекше креатив танытты. Мектебімізде 12-желтоқсан күні өткізілген облыстық деңгейдегі класс жетекшілерге арналған "Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында отбасы мен мектеп ынтымақтастығының рөлі" тақырыбындағы әдістемелік күннің бағдарламасы жоспары бойынша келесі шара - "Отбасы - адам тұлғасының бесігі" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Борисова Саягүл Тұрлыбековна

мен Койшыгарина Ақтолқын Адебиетовна бастамасымен өткізілген дөңгелек үстелге мектебіміздің Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар және семинарға қатысушы класс жетекшілер қатынасты. Шара барысында отбасыдағы тәрбиеге байланысты бейнеролик көрсетіліп оқушылардың, ата-аналардың ойларымен бөлісті. Өртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, мектептегі класс жетекшінің рөлі мен отбасыдағы ата-ананың ықпалының маңызын көрсете білді, түсіндірілді. Дөңгелек үстел өз мақсатына жетіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. "Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында класс жетекшілерге арналған "Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының рөлі" тақырыбында мектебімізде өткізілген әдістемелік күн "Тәуелсіздік - тынысың, бүгінгі дәулетің, ертеңгі ырысың" тақырыбындағы мерекелік кешпен тәмамдалды. Мерекелік кеш Шамшиева Алмагүл Шердарқызының жетекшілігімен ұйымдастырылды. 8 "А" класының толық құрамы қатысқан атаулы шара барлық көрермендердің көңілінен шықты, себебі Тәуелсіздігіміздің мәртебесін биіктеткен шара болды. Жоғарғы деңгейде өткізілген мерекелік кеш, әдістемелік күннің лайықты соңы болды деп есептеуге болады. Болашаққа бағдар «Рухани жаңғыру»бағдарламасын қолдай отырып, алтын ұя мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын арттыру мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебіміздің 1-9 кластар арасында «Ең үздік ата-аналар ұжымы" отбасылық сайысы ұйымдастырылды! Байқаудың шарттары: I-кезең - "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!" спорттық жарыс; II-кезең - "Наурыз -жыл басы" театрландырылған көрініс; III-кезең - "Тазалықты сақтау - әр адамның міндеті" мектеп айналасын абаттандыру мен көркейту жұмыстарын жүргізу; IV-кезең - 9 мамыр жеңіс күніне орай патриоттық әндер байқауы. Жобаның алғашқы кезеңі өте жоғары деңгейде өткізілді. Ата-аналар өздерінің ауызбіршіліктерін көрсете отырып, спорттық сайыстарға белсене қатысты. Мектебімізде мектеп министрлерінің ата-аналарымен ғылыми енгізу орталығы ЖШС директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Федор Яковлевич Вассерманмен кездесу өтті. Кездесу барысында "Өзін-өзі басқару" жобасы бойынша мағлұмат берді. Сонымен қатар Федор Яковлевич Вассерманмен ата-аналарға бала тәрбиесінде мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет екенін баяндады. Мектебімізде ұйымдастырылған "Ең үздік ата-аналар ұжымы" отбасылық сайысының алғашқы I кезеңі бойынша финалдық ойындары өтіп, қорытындыланды. Финалдық ойындарға өткен ата-аналарымыз волейбол , шахмат , дойбы(шашки), тоғызқұмалақ ойнап жарысты. "Ең үздік ата-аналар ұжымы" отбасылық сайысының алғашқы I кезеңі бойынша тоғыз құмалақ ойындарында жоғарғы деңгейде ойын көрсетіп, финалда жүлделі орынға ие болған командалар: I орын- Бултекова Мейрамгүл 5"ә" класы, II орын- Абдрахманова Н 1"а" класы, III орын- Сариев Тимур 3"б" класы "Ең үздік ата-аналар ұжымы" отбасылық сайысының алғашқы I кезеңі бойынша шахмат ойындарында жоғарғы деңгейде ойын көрсетіп, финалда жүлделі орынға ие болған командалар: I орын- Шайхин С 1"а" класы, II орын- Әбдіралин А 2"г" класы III орын- Кукеев Марат 7"ә" класы. Ең үздік ата-аналар ұжымы" отбасылық сайысының алғашқы I кезеңі бойынша волейбол ойындарында жоғарғы деңгейде ойын көрсетіп, финалда жүлделі орынға ие болған командалар: I орын- 2 "в" класы, II орын- 6 "а" класы, III орын- 2"а" класы. "Ең үздік ата-аналар ұжымы" отбасылық сайысының алғашқы I кезеңі бойынша дойбы ойындарында жоғарғы деңгейде ойын көрсетіп, финалда жүлделі орынға ие болған командалар: I орын- Сүйінов Бақытжан 2 "г" класы, II орын- Кукеев Марат 7"ә" класы III орын- Дидар Нұрбол 8"б" класының ата-аналары иеленді. Республикалық экологиялық сағат акциясы аясында сурет салуға бейім 4-5-6 кластарының білім алушылары арасында мектепшілік "Туған жердің әртасы-біздің алтын тағымыз» атты көркем сурет байқауы өтті. Балалар санаулы уақыт ішінде бояу мен қылқаламға қиялын ұштастыра отырып, туған өлке табиғатын жүрек иірімінен өткізе бейнелеу керек болды. Сонымен қатар Ақтөбе облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігімен бірлесіп өскелең ұрпақты табиғи ресурстарды күту және сақтау мәселелеріне тарту мақсатында 3-

қазан күні Республикалық экологиялық сағат және ағаш отырғызу бойынша республикалық акция ұйымдастырылды. Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Бердалин Аманғали Бейсембайұлы акцияның құрметті қонағы болды. Сонымен қатар Ақтөбе облыстық білім басқармасының бас маманы Айтбаева Батима Кувашевна мен қамқоршылық кеңесінің мүшелері және ата-аналарымыз қатысты. Акцияның екінші бөлімінде мектеп жанындағы учаскіде жасыл желектер облыс әкімінің орынбасары Аманғали Бейсембайұлымен мектеп табалдырығын биыл ғана аттаған жас бүлдіршіндердің қатысуымен отырғызылды. Іс-шараға мектебіміздің Жас ұстаздары мен оқушылар да ат салысты. Аталған іс-шара мектебімізде өз жалғасын тапты. Республика бойынша тапсырыспен жіберілген экологиялық бейнежазбалар көрсетіліп, табиғатты қорғауға деген өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Және де Сәуле Советовна жетекшілігімен 3"ә" класы, Анар Жұмақызының жетекшілігімен 3"б" класы экологиялық сағат өткізсе, мектеп табалдырығын енді ғана аттаған 1-класс бүлдіршіндері класс жетекшісі Гүлзада Құрманбайқызының нұсқауымен өздерінің алғашқы бөлме гүл көштерін отырғыза отырып, табиғаттың жандауына өз үлестерін қосты. Мектебімізде "Алтын күз" қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Екі кезең оқушылары да аталмыш шараға жоғары дайындықпен ат салысып, жәрмеңкеден түскен қаражаттарын өздерімен құрдас ата-анасының қамқорлығынсыз қалған достарына қол ұшын созуға жинады. Әр бір сынып пісіріп әкелген тәтті тоқаш, бәліш, бөлкелерін, құймақ, жеміс, дәмділерін қол жетімді бағамен өткізіп, жақсылық жолында жандарын салғандарына алғыс білдірді. БҰЛ - МЕНІҢ ҚОҚЫСЫМ ЕМЕС, БІРАҚ БҰЛ - МЕНІҢ ҚАЛАМ!!! 2020 жыл Республикамызда "Еріктілер жылы" атанғаны белгілі. Соған орай мектебіміздің еріктілері Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, "Жастар аллеясында" аталған акция бойынша еңбектенді. Бұл акция Республика бойынша жалғасып жатқан челлендж аясында өткізілді. Мектебіміздің жоғары класс оқушылары ҚР ІІМ ТЖК Көкшетау техникалық институтының мамандары мектебіміздің 10-11 класс ер балаларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында әскерилендірілген институт ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы баяндап, бейнежазбалармен оқу орнын таныстырып өтті. Және де оқушылардан сауалнама алынып, қызықтырған сұрақтарға жауап берілді.

Мектеп түлектеріне кәсіптік бағдар беру мақсатында мектебіміздің 9 класс оқушылары кәсіптік бағдар беру мақсатында 2020 жылдың 21 қаңтар күні Ақтөбе Автожол колледжіне мектеп оқушыларына арналған жыл сайынғы өтетін "Ашық есік" күніне қатысты. Колледж оқытушылары болашақ талапкерлерге колледжге түсу тәртібін, оқу жүйесін және Ақтөбе автожол колледжінде білім алудың тиімділігі жайлы толық ақпарат берді. Оқушылар колледждегі өздерін қызықтыратын мамандықтар бойынша толық ақпарат алды. Ақпан айында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жыл "Волонтер" жылы болып тағайындалды. Осыған орай, №39 қазақ орта жалпы білім беретін мектебінің жанынан құрылған "Парасат" волонтерлар клубының ашылуы және клуб мүшелерін салтанатты түрде қабылдау жиыны өтті. Туристер станциясымен бірігіп "Туған өлкем Ақтөбе" атты зияткерлік сайыс - кеш ұйымдастырылды.

Ақтөбе қаласының 150 жылдығына орай "Рухани жаңғыру" бағдарламасының "Туған жерге тағзым" акциясы аясында мектеп оқушылары Ақтөбе жас туристер станциясы мамандарымен бірлесе отырып, "Жас зерттеуші" үйірмесінің жетекшісі Молдашева Күлиза Асанқызы мен "Табиғат таңғажайыптары" үйірмесінің жетекшісі Бақтыбаева Айгүл Жанабайқызының бастауымен Қарғалы су қоймасы маңындағы "Ардағым" шаруа қожалығында балықтардың әртүрлілігін тамашалады.

Сонымен қатар, аудандағы белгілі XVI-XVII ғасырларда салынған "Қызылтам кесенесі" мен 30-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған "Түйетөбе" ескерткішіне тағзым етті.

Оқушылар Республикамыздың рухани мұраларына саяхат жасай отырып, жан-дүние байлығына ие болып, туристік сапарларға қызығушылықтары артты.

15-қазан күні Қалалық оқушылар сарайында өткізілген аймақтық "Ертегілер әлемі" театр ұжымдары байқауында мектебіміздің оқушылары Шамшиева Алмагүл Шердарқызының жетекшілігімен "Күлше қыз" ертегісінің үзінді көрінісін көрсетіп, өз өнерлерін ортаға салды. Оқушылар таланты мен шеберліктері үшін дипломдармен мадақталды. 20 қараша Дүниежүзілік балалар күніне орай "Бүгінгі шақ және болашақ: әр бала үшін қорғаныс қамтамасыз етілген балалық шақ" атты Дүниежүзілік сабақ өткізілді. 1-4 кластарға Садуақасова Б., 5-6 кластарға Гаппанова А., 7-8 кластарға Карагулова М., 9-11 кластарға Әлібаева Г. баяндамаларын дайындап, бейнематериалдар көрсетіп БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын Қазақстан Республикасының қабылдағанына 30 жыл және ратификациялауының 25 жыл толғаны жайлы ақпараттар беріп өтті. "Жас Ұлан" Бүгін, желтоқсанның 10-ы күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында мектебіміздің ұл-қыздарын Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі өтті. 2-класс және 5-класс оқушылары желбіреген көк туымыз түстес галстук пен төсбелгілерін тағып, "Жас ұландықтар" мен "Жас қырандықтар" атанды. 5-класс оқушыларына галстук тағу мәртебесі 6-класс оқушыларына бұйырса, жаңа ғана "Жас Ұлан" атанған 5-класс оқушылары 2-класс іні-қарындастарына төсбелгі тақты. Оқушылар ант қабылдап, "Жас Ұлан" гимнін орындаған салтанатты жиын жоғарғы деңгейде өтті. Мектебімізде 2019-2020 оқу жылы бойынша Республикалық кең ауқамды "Мен OFFLINE" іс шара аясында 1-5 класс оқушылары "Мен күнімді интернетсіз қалай өткіздім?" тақырып аясында ғаламторсыз уақытты қалай өткізетіндерімен бөлісіп сурет салып өз өнерлерін ортаға салды. Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасы жұмылдыру бөлімінің бастығы капитан Турлин Дамир Болатович 10-11 класс оқушыларымен кездесу жүргізді. Негізгі кездесу мақсаты - әскери оқу орындарына баруына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе отырып, жасөспірімдер арасында әскери-патриоттық рухта тәрбиелеуге үндеу болып табылады. Ғылыми енгізу орталығы ЖШС директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Федор Яковлевич Вассерман мектебімізде оқушылар арасынан көшбасшы қасиеттерін анықтау үшін тренинг "Лидер - организатор" өткізді. Оқушылар өз белсенділіктерін көрсете алды, шығармашылық тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Тренингтің мақсаты, көшбасшы қандай қасиеттерге ие болу екендігін анықтау және тренингтік жаттығулар арқылы әр кластан көшбасшыны анықтау болып табылады. Тренинг 8-10 класс оқушыларының арасында өтті. Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының біріктірілген қорғаныс істер жөніндегі басқармасының әскери жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарына талапкерлерді дайындайтын жетекші маманы Жалимова Света және 39 жалпы қазақ орта мектебінің Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы Хасенов Аманкельді Әбішұлының жетекшілігімен мектебіміздің 7-11 класс ер балалары Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасының жоспары бойынша әскери патриоттық сезімін ояту, елжандылыққа тәрбиелеу, әскери мамандықтарды дайындау мақсатында заманауи техникалық әскери жабдықтарды, казарманы, асхананы, жатын бөлмелерді және сабақ өткізетін орындарды таныстыруға А.Т.Бигельдинов атындағы Әуе қорғаныс күштерінің әскери институтына барып танысты. Сондай-ақ А Р Ы С Т А Н әскери лицейіне Ж А С ҰЛАН КАДЕТ КОРПУСЫНА және әскери жоғарғы оқу орындарына үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Ақпан айында мектебімізде 9-11 класс арасында "Адамгершілік-адам қасиет" тақырыбында дебат өтті. Мақсаты: Балалардың «адамгершілік», «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, адамгершілік, мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түіндіру, өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту, мейірбандылыққа тәрбиелеу. 2 наурыз күні мектебімізде "1- наурыз-Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күні" тақырыбында онлайн интерактивтік сабақ өткізілді. Интерактивтік сабаққа мектебіміздің 5-11 класс оқушылары қатысты. Мақсаты: Төтенше жағдайларда іс-қимылдарын ұйымдастырудағы білімді үгіт-

насихаттауды күшейту мақсатында –болуы ықтимал апат оқиғаларында өздеріне, төніректегілерге жәрдем көрсетуге үйретудің қарапайым жолдарын меңгерту; Өрттен, жер сілкінісі, боран, үсік шалу, мұздақта жүру, зардап шегушілерге қамқорлық жасап, әдепті болу, жедел жәрдем келгенге дейін зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсетуді меңгерту. 12 сәуір – дүниежүзілік авиация және космонавтика күніне орай "Аспан ғажайыптары" тақырыбында 1-5 кластар арасында қашықтықтан сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушыларымыз қашықтықтан болса да байқауға жұмыла атсалысып , бар өнерлерін ортаға салып жүлделі орындарға ие болды.

Алматы қаласы "Прогресс" оқу орталығының ұйымдастыруымен " Қысқы ертегі-2020" сурет байқауынан мектебіміздің оқушылары жүлделі орындар иеленді. Олар: Кенжеғұлова Райиан Ұлпанқызы, Аленов Сержан Серікұлы, Губайдуллин Асанали Тимурулы, Қуандықұлы Әнуар, Келмағамбет Нұрәли, Хантөре Диас Миржанұлы, Жетекшісі: Қайырова Жанна Мамытбаевна.

Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбиелеу бағытында Мектеп оқушыларының арасында бастауыш кластар бойынша жолда жүру қауіпсіздігінің алдын-алу мақсатында "Павлодарлық үлкен қуыршақтар театры"-ның "Жол ережесін сақтайық!" тақырыбында қойылымын тамашалады. Қойылым оқушыларға өте жақсы көңіл-күй сыйлады. АҚТӨБЕГЕ 150 ЖЫЛ! "Туған жерге тағзым" акциясы аясында, Ақтөбе қаласының 150 жылдығына орай мектебімізде 10-қазан күні, "Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы", "Тарихи-мәдени мұраны зерттеу, қалпына келтіру, қорғау орталығының" КММ инспекторы Қайдаров А.У. "Ақтөбе өңіріндегі көрікті жерлері" тақырыбында 5-6 сыныптарға дәріс оқыды. Күз-береке, күз-мереке екені бәрімізге белгілі. Осынау атаулы күндерде, бүгін, 17-қазан күні мектебімізде ауқымды шара өткізілді. 1-4 кластар бойынша ару да көркем, сары жібек нәзік қыздарымыз "Күз ханшайымы-2019" байқауында өз өнерлерін ортаға салған болатын.

Байқау шарттары бойынша ару қыздарымыз сәлемдесіп, өз өнерлерін көрсетіп, ас мәзірін дайындап және сән үлгілерін көрсетуі қажет еді.

Барлық бүлдіршін қыздарымыз өте талантты. Барлық шығармашыл тапқырлықтарын паш етті. Сондықтан көркем қыздар түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Мектебімізде оқушылар үшін қазан айындағы ең атаулы мереке - Күзгі бал. Соған орай, қазан айының 25-і күні, алғашқы тоқсанның соңғы күнінде 9-11 класс аралығында Күзгі бал ұйымдастырылды. Бұл жолы бәрі ерекше. Алғаш рет балымыз "венский бал" форматында өткізілді. Ерекше ат салысқан 9-11 кластарының 21 жұбы Алғыс хатпен марапатталды.

Кеш барысында әр клас өз өнерін көрсетіп, ойындарда ойнатылды. Тамаша көтеріңкі көңіл-күймен кешіміз би кешімен жалғасты.

Ағымдағы жылдың 28 қазаны мен 2 қарашасы аралығында мектеп кітапханасында "Мен оқыған қызықты ертегі" шарасы аясында ашық есік күні ұйымдастырылды. Бастауыш класс білім алушылары сан алуан ертегі кітаптарын оқып, оны жан-жақты талдап, түрлі сөзжұмбақтар шешіп, сурет бояу кітапшаларын сәндеп бояп, күзгі демалыстарын қызықты да пайдалы өткізуде.

Мектебіміздің кітапхана бөлімі, Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасымен бірлесе, мектебіміздің білім алушылары арасында «Көңілді демалыс уақыты» атты әдеби вернисаж өткізді. Балалар өздерінің оқыған кітаптары, одан алған әсерлері туралы айтып, ребус, жұмбақ шешіп, логикалық сұрақтарға жарыса жауап берді. Қызғылықты «Күш сынаспақ» ойынын ойнап, уақыттарын көңілді өткізді.

Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен өткен, еліміздегі Жастар жылына орай "Жан серігім - домбыра" Республикалық байқауының жеңімпазы Сансызбаев Нұрбек Мұратбекұлымен "Жалынды жастар - болашақ иесі" атты өткен кездесу кешінің куәгерлері болып қайтқан мектебіміздің 8"А" класс білім алушылары рухани шығармашылық өнерімен сусындап қайтты. Мектебіміздің мәжіліс

залында мектеп инспекторы полиция капитаны Ермағамбетов Дауренбектің ұйымдастыруымен бүгін 7-8 класс оқушыларына "Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында түсіндірме жұмысы өтті. Мектеп инспекторы полиция капитаны Ермағамбетов Дауренбектің ұйымдастыруымен бүгін 1-4 класс оқушыларына Ақтөбе облысының білім басқармасының 2020 жылғы қаңтардағы №2-62 хаты негізінде Ақтөбе қаласының барлық білім беру ұйымдарында жол-көлік оқиғалары, жолда абай болуға, жол ережелер қауіпсіздігін сақтау мақсатында 2020 жылдың 13-24 (10 күндік) аясында түсіндірме жұмысы жүргізілді. «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» тақырыбындағы онкүндікте жүргізілетін жұмыс жоспары бойынша 1-6 класс оқушылар арасында «Жол жүргізуші менің өмірімді сақта!» атты көркем сурет байқауы ұйымдастырылды. «Геолог» мәдениет Үйінде Елбасымыздың "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында ақын Мұқағали Мақатаевтың "Жырлайды жүрек" атты VI-қалалық поэзия байқауы өткізілді. Байқауға мектебіміздің оқушысы Толепбаева Фатима қатысып алғас хатпен марапатталды. Нұр-Сұлтан қаласында өткен "Волшебный микрофон" VIII Халықаралық өнер байқауында "Шаттық" би ансамблінде биші мектебіміздің Рақымберген Жұлдыз 2"А" класс оқушысы, Адырова Амина, Сәкен Мадина 1"А" класс оқушылары гран-при жүлдесімен марапатталды. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" ММ мен "Қалалық оқушылар сарайы" ұйымдастыруымен өткен уақыт пен кеңістікке бағынбай, әлемдік деңгейде жұлдызы биік тұрған ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың мерейтойына арналған облыстық "Абай-дана, Абай-дара" көркемсөз оқу байқауына қатысқан 9"Б" класс оқушысы Кенжебаева Алмина I дәрежелі дипломмен марапатталды. №1 Абай атындағы қалалық кітапханасында "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында Абайдың 175 жыл толуына орай "Абай сөзі- халықтың бойтұмары" атты онлайн коучинг өткізілді. Шара барысында Семей қаласының Абай атындағы қалалық кітапханасымен бірлесе, Ұлы ақын Абай шығармалары насихатталды. Шараға мектебіміздің 8 класс оқушылары атсалысып, Ұлы ақын өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп нақышына келтіріп жеткізді. Шара сонында оқушыларымыз алғыс хаттармен марапатталды! 8-Наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай 7-8 класс арасында "Бұрымды қыз- 2020" байқауы өтті. Байқаудың шарттары бойынша қатысушы қыздарымыз өз өнерлерін көрсетіп бақ сынасты. Нәтижесінде бас жүлде 8"б" класс оқушысы "Бұрымды қыз-2020" атанған Бекмурзина Айшабибі, 1 орын- Сапарова Аружан 8"а" класы, 2 орын- Тлешова Жасмин 7"б" класы, 3 орын- Рамазанова Анель. Сонымен қатар 8-Наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай мұғалімдер мен оқушылар арасында "Екі жұлдыз" сайысы ұйымдастырылды сайысқа 8 жұп қатысты. "Екі жұлдыз" сайысының шарты бойынша 1. Ана, әйел тақырыбындағы әндер орындау. 2. Замануи әндер орындау. Нәтижесінде Бас жүлде математика пәнінің мұғалімі Борисова Саягүл мен 2 "ә" класс оқушысы Борисов Марлен, 1-орын математика пәнінің мұғалімі Рахат Айнұр Берқайқызы мен 9 "б" класс оқушысы Боранбай Ақерке, 2-орын Физика пәнінің мұғалімі Жұмабекова Динара және 3"ә" класс оқушысы Асанова Даяна., 3-орын бастауыш класс мұғалімі Калмурзаева Нурсулу мен 3 "а" класс оқушысы Тұрар Диас, Талантты жұп номинациясы Бастауыш класс мұғалімі Губайдуллина Бекзат пен 5"ә" класс оқушысы Жаманова Алтынай. Көрермендер көзайымы номинациясы ағылшын тілі мұғалімі Бисенқұл Жанар мен 4а класс оқушысы Изғалиева Айсана, Өнерлі жұп номинациясы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Алшоразова Гүлайым мен 8 а класс оқушысы Мұратбаева Мадина, Креативті жұп номинациясы ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ пәнінің мұғалімі Тайберен Асел мен 5 "в" класс оқушысы Шуйншбаева Айназ иеленді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша 5-6, 7-8 және жоғарғы 9-10-11 класс оқушылары арасында кросс сайысы өтті. «Халықтың салауатты өмір салты мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі білімі мен хабардарлығын арттыра беру

міндет. Халық арасында спорттың бұқаралық сипат алуына және спортты насихаттауға ерекше ден қою керек...» -деп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтқандай, өскелең ұрпақ-біздің ертеңіміз болғандықтан олардың спорттық білімдерін арттырып қана қоймай, осындай акцияларды көптеп ұйымдастыру жастардың салауатты өмір салтын дұрыс ұстануға өз септігін тигізери сөзсіз! 2019 жылғы 9 қазанда мектебіміздің оқушылары Ақтөбе қалалық жастар ресурстық орталығымен бірлесе отырып, "Жастар есірткіге қарсы" акциясын өткізді. Қаламызда есірткінің таралуын алдын-алу мақсатында заңсыз есірткі сатумен айналысатын телеграм каналдарының адрестері боялды. Мектебіміздің 8 класс оқушылары волейболдан « Шұбар доп-Мектеп лигасы » қалалық турниріне қатысып үшінші орын иеленді. Үйірмешілер арасында тау туризмі техникасы бойынша өткізілген "Алтын Жумар"жарысында(13-14 аралығындағы қыздар) арасында 8 «Б» класс оқушысы Губайдулла Салтанат II орынға ие болды!Сондай-ақ "Алтын Жумар"жарысына белсене қатысқандары үшін 10 «Б» класс оқушысы Тлектесов Мирас пеп 8 «Б» класс оқушысы Кошжанов Анис марапатталды.Ақтөбе облысының ЖИТС орталығының маманы Матаева Меруерт Қанатовна мектебіміздің жоғары класс оқушыларымен кездесу өткізді. 7-класс оқушылары спортшы ағалары Сейтжан Рахат Бекманатұлы және оның бапкері Казиханов Тағыберген Шоқайұлы мен кездесті.

2020-2021 оқу жылы бойынша,қыркүйек айының 12 күні «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының стендін жаңалау жұмысын аға тәлімгер Г. Құлшаева жасады. 22 қыркүйек - Қазақстан халқының Тілдері күні. Тілдер мерекесі күніне орай ұйымдастырылған мектепшілік 5-6 кластар арасында өткізілген "Туған тілім - бабам тілім - өз тілім" атты мәнерлеп оқу онлайн байқауына белсене қатысып, қазақ ақындарының өлең-жырларын тебірене оқыған білім алушыларымызға алғыс білдірдік. Ақтөбе облысы әкімдігінің бастамасымен 29 қараша күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге арналған "Қазіргі заманғы Қазақстан Елбасының көшбасшылық сабақтары" тақырыбынды жалпыреспубликалық ашық сабақ өтті. Атаулы шара Ақтөбе облысы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Ажниязов Руслан Амирхановичтің қатысуымен жоғарғы деңгейде өткізілді. Мектеп кітапханасында 7 "А" класс білім алушыларының қатысуымен кітапхана бөлімінің қолдауымен "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" тақырыбында сыныптан тыс сабақ өтті. Желтоқсан айының 7 – 14 күндері аралығында «Жеті жарғы» бағытында, мектебімізде 16 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде жоспар құрылып, тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылды.«Менің елім – менің болашағым» 5 – класс оқушылары арасында сурет байқауы, «Алтын күн аспаны» мемлекеттік әнұранды каллиграфия, әсемдеп А4 парағына жазу 7 - 8 класс оқушылары арасында және «Елім менің» тақырыбында мектеп оқушылары арасында мәнерлеп оқу және патриоттық әндер байқауы мен «Менің Қазақстаным» тақырыбында 9 -класс оқушылары арасында қылқалам жұмыстары-сырлы суреттер жұмыстары өткізілді.10 – класс оқушылары арасында «Тәуелсіздік тағылымы» тақырыбында шығармалар, эссе, өлеңдер және 11 – класс оқушылары арасында зерттеу жұмыстары, рефераттар, тарихи деректер, Қазақстан тарихына байланысты ғылыми жобалар жұмыстары ұйымдастырылып, өткізілді.Байқауға барлық класс оқушылары жоғары белсенділікпен 62 – оқушы қатысты.

Мектебімізде 16 – желтоқсан күні «Отан» бағытында, Тәуелсіздік күніне орай Аға тәлімгер Г. Құлшаеваның ұйымдастырумен «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны өткізілді. Мектеп

кітапханасында «Президент ұсынған 30 кітап» тақырыбында *ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ* 11 сынып оқушылары аралығында өткізілді.

«**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес**» тақырыбында мектеп кітапханасында кітап көрмесі жасақталып, 9 кл оқушылары аралығында танымдық сағаты өткізілді.

М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай, №1 Абай атындағы қалалық кітапханамен бірлесе ұйымдастырылды.(онлайн) Қыркүйек айының 15 күні мектебімізде онлайн форматында «Біздің тату отбасы!» тәрбие іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілді. Жоспар бойынша 2-7 класс оқушыларына ZooM платформасында ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылар арасында сурет байқауы өтті. 22 - Наурыз мектебімізде «Келіні жақсының – керегесі алтын!» тақырыбында ұстаздар арасында онлайн байқау ұйымдастырылып, өткізілді. Қазан айының 20 күні «Экоәлем» бағытында, мектебімізде 5-8 класс оқушылары арасында онлайн форматында «Uphotoment» тақырыбында челленджі ұйымдастырылып, өтті.

